М. ДУЛАТОВ ат.
ҚОСТАНАЙ
ИНЖЕНЕРЛІК-
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

КИнЭУ

КОСТАНАЙСКИЙ
ИНЖЕНЕРНО-
ЭКОНОМИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ
им. М. ДУЛАТОВА

БЕКІТЕМІН
Ғылыми кеңес төрағасы
_____ Исмаилов А.О.
20.03 2025 ж. № 8 хаттама

Екінші басылым

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМЫТУ ЖОСПАРЫ
6В06150 Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект
2024-2029 жж.

«Ақпараттық технологиялар және автоматика» кафедрасының отырысында қаралды

20.03 2025 ж. № 8 хаттама

Қостанай 2025

Әзірлеушілер:

ББ жетекшісі, магистр, аға оқытушы, «Ақпараттық технологиялар және автоматика» кафедрасының меңгерушісі
Тел.: +7 771 385 77 77

Удербаева Нургуль Калиевна

қолы

э.ғ.к., «Ақпараттық технологиялар және автоматика» кафедрасының қауымдастырылған профессоры
Тел.: +7 777 447 10 70

Жунусов Куат Муратович

қолы

т.ғ.к., профессор «Ақпараттық технологиялар және автоматика» кафедрасы
Тел.: +7 705 450 02 72

Зарубин Михаил Юрьевич

қолы

«Ақпараттық технологиялар және автоматика» кафедрасының аға оқытушысы
Тел.: +7 775 980 31 05

Жуаспаев Талгат Амангильдинович

қолы

«Kostanay Profit» ЖШС директоры
Тел.: +7 777 447 74 47

Авдеенков Василий Сергеевич

қолы

1 курс білім алушысы «6B06150 Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект» ББ
Тел.: +7 708 208 00 78

Губерт Сергей Викторович

қолы

1 Білім беру бағдарламасының сипаттамасы

1.1 Білім беру бағдарламасы туралы мәліметтер

«6В06150 Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект» БББ-ны іске асыру қажеттілігі қазақстандық еңбек нарығының IT-индустрия саласындағы білікті мамандарға деген қажеттіліктерін қамтамасыз етуге, жасанды интеллектісі бар бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану кезінде тиімді заманауи технологияларды қолдануға мүмкіндік беретін білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. «6В06150 Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект» білім беру бағдарламасының өзектілігі мен сұранысқа ие болуы жұмыс берушілер мен заманауи еңбек нарығының зияткерлік жүйелерді әзірлеу және үлкен деректерді талдау дағдыларын меңгерген мамандарға деген қажеттіліктерімен айқындалады. Бұл технологиялар автоматтандыру, тиімділікті арттыру және деректер негізінде шешім қабылдау үшін түрлі салаларда кеңінен қолданылады, бұл аталған бағдарлама түлектерін цифрлық трансформацияға бейімделуге ұмтылатын компаниялар үшін таптырмас мамандарға айналдырады.

БББ мақсаты – әртүрлі салаларда, оның ішінде процестерді автоматтандыру, үлкен деректерді талдау және зияткерлік жүйелерді енгізу салаларында өзекті міндеттерді шешу үшін инновациялық шешімдер әзірлеуге заманауи IT-технологияларды енгізуге және бейімдеуге қабілетті ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект саласындағы жоғары білікті мамандарды қалыптастыру.

Білім беру бағдарламасы ҚР МОМКС-ына, кәсіптік стандарттарға, Қазақстан Республикасының жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласына, жұмыс берушілердің сұраныстарына және басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес әзірленген.

Білім беру бағдарламасының даралығы мен бірегейлігі оның цифрлық сауаттылыққа – цифрлық азаматтың дағдыларына, көзқарастары мен құндылықтарына бағдарлануынан көрінеді. АТжЖИ білім беру бағдарламасын енгізу заманауи өмірдің өзекті мәселелерін шешуге, сондай-ақ шешім қабылдауда ЖИ функцияларын біріктіруге және бейімдеуге бағытталған тиімді кадрларды даярлауға мүмкіндік береді.

«6В06150 Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект» білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының даралығы мен бірегейлігі даярлаудың өңірлік бағыттылығын Қазақстан Республикасының цифрлық және технологиялық дамуының жалпыұлттық басымдықтарын ескерумен ұштастыруында. Даму жоспары IT-компаниялар, өнеркәсіптік кәсіпорындар, мемлекеттік ұйымдар және цифрлық экономиканың басқа да субъектілері сұраныс білдіретін құзыреттерді қалыптастыруға бағдарланған. Білім беру бағдарламасының өңірлік құрамдас бөлігі Қостанай облысы ұйымдарының, соның ішінде Allur және Kia автомобиль өнеркәсібі кәсіпорындарының қажеттіліктерін ескере отырып, цифрлық өнімдерді әзірлеуге және сүйемелдеуге, жасанды интеллект технологияларын енгізуге, деректерді талдауға, өндірістік және бизнес-процестерді автоматтандыруға қабілетті мамандарды даярлауды көздейді.

Сонымен қатар білім беру бағдарламасының мазмұны қазақстандық еңбек нарығында жұмыс істеуге, ұлттық цифрлық жобаларды іске асыруға қатысуға, бөлінген командаларда кәсіби қызметті жүзеге асыруға және ақпараттық технологиялар мен жасанды интеллект саласындағы халықаралық үрдістерге сәйкес дамуға қабілетті бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға бағытталған.

Қазақстанның IT индустриясын дамыту бағдарламасында жасанды интеллектке ерекше орын беріледі, «6В06150 Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект» білім беру бағдарламасы осы саланы ұзақ мерзімді дамытуға бағытталған. Өз кезегінде аталған білім беру бағдарламасы жасанды интеллект жөніндегі мамандардың болашақ буынын даярлау арқылы технологиялық процестің өсуіне және IT шешімдерінің белсенді интеграциялануына ықпал етеді.

«6В06150 Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект» білім беру бағдарламасының түлектері өңірде де, халықаралық деңгейде де еңбек нарығында сұранысқа ие болады. Олар деректерді талдауға арналған зияткерлік жүйелерді жобалап, енгізе алады, машиналық оқыту және жасанды интеллект алгоритмдерін әзірлей алады, сондай-ақ түрлі салаларда бизнес-процестерді автоматтандыра алады, бұл компанияларға цифрлық трансформацияның сын-қатерлеріне тиімді бейімделуге мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект және ақпараттық технологиялар саласындағы маман болмас бұрын өзіндік жұмысқа дайын болу қажет: машиналық оқыту алгоритмдерін зерделеу, үлкен деректерді өңдеу, арнайы әдебиеттерді оқу, сондай-ақ бағдарламалауда және зияткерлік жүйелерді әзірлеуге байланысты күрделі міндеттерді шешуде тұрақты практика

1.2 БББ-ны дамытудың ішкі жағдайлары

Университеттің аудиториялық қоры 106 кабинет пен аудиториядан тұрады, оның ішінде: 12 мамандандырылған кабинет, 33 зертхана, 6 компьютерлік сынып, 48 оқу аудиториясы, 2 спорт залы, 2 конференц-зал, Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы, 1 бейнежазба студиясы, 2 мектеп (Кәсіпкерлік мектебі және IT мектебі). Кітапхананың жалпы қоры 396717 құрайды.

Білім беру бағдарламасын іске асыру үшін «Ақпараттық технологиялар және автоматика» кафедрасында жалпы ауданы 120,3 м2, 20 орындық компьютерлік сыныптар, оқу аудиториялары, жалпы ауданы 30,7 м2, 12 орындық лингафон кабинеті, жалпы ауданы 95 м2, 62 орындық «Математика кабинеті» және жалпы ауданы 111,4 м2, 72 орындық оқу аудиториясы, сондай-ақ жалпы ауданы 1169,9 м2 спорт кешені мен тренажер залы бар. Практикалық жұмыстарды өткізу үшін университеттің аудиториялық қорында зертханалар үнемі жаңартылып, жаңғыртылып және құрылып отырады.

115В – жалпы ауданы 81,9 м2 «Мехатрондық жүйелердің автоматика жүйелері және басқару құрылғылары». Зертхана заманауи өнеркәсіптік пневмоавтоматиканы зерделеуге арналған оқу стенді-тренажері болып табылатын Пневмоаралмен жабдықталған. Сондай-ақ зертханада мехатроника бойынша демонстрациялық кешен – мехатроникаға бір мезгілде оқытуға мүмкіндік беретін «Сұрыптау станциясы» жабдығы бар оқу желісі орнатылған.

304 А – жалпы ауданы 35,8 м2, 13 орындық «Мехатроника, робототехника және жасанды интеллект зертханасы».

304/1А – жалпы ауданы 32,6 м2 «IT&AI - мектебі». Зертхана заманауи компьютерлермен, проектормен жабдықталған, 12 орындық.

Білім беру бағдарламасы білім алушыларды мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген кәсіптік практиканың барлық түрлерінен өту мүмкіндігімен қамтамасыз етеді.

«6В06150 Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект» БББ бойынша практика базасы болып табылатын кәсіпорындарға: «ГК Эксперт» ЖШС, «Транстелеком» АҚ, «СарыаркаАвтоПром» ЖШС, «Kostanay Profit» ЖШС сияқты кәсіпорындар жатады.

1.3 Білім беру бағдарламасын іске асыратын ПОҚ туралы мәліметтер

«6В06150 Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект» білім беру бағдарламасына 17 оқытушы қызмет көрсетеді, оның ішінде 7-еуі ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі бар және 2-еуі қоса атқарушы. Ғылыми дәрежесі бар ПОҚ үлесі 41,2%, штаттық ПОҚ – 88%.

Пәндерді оқыту сапасын жетілдіру мақсатында «6В06150 Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект» БББ-ны іске асыратын кафедра оқытушылары оқу процесінде жаңа ақпараттық технологияларды, оқытудың мультимедиялық құралдарын, белсенді оқыту әдістерін және e-learning элементтерін енгізуді және одан әрі қолдануды жандандыруда.

Қазіргі уақытта «6В06150 Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект» БББ-ны іске асыратын кафедра оқытушылары оқу процесінде жаңа ақпараттық технологияларды және оқытудың мультимедиялық құралдарын белсенді пайдаланады. Оқу сабақтарында бейнепрезентациялар, оқу фильмдері көрсетіледі, интерактивті оқыту әдістері қолданылады.

Кафедраның ПОҚ пәндерді оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру бойынша тұрақты жұмыс жүргізеді. «Ақпараттық технологиялар және автоматика» кафедрасының оқытушылары оқу-әдістемелік материалдардың 50-ден астам атауын әзірлеп, оқу процесіне енгізді.

Кафедраның ПОҚ салалардың қажеттіліктерін ескере отырып ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысады. Атап айтқанда, ғылыми конференцияларға белсенді қатысу, ғылыми журналдарда мақалалар жариялау, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына жетекшілік ету, диссертациялық зерттеулерге рецензия жазу жүзеге асырылады.

Кафедраның ғылыми-зерттеу тақырыбы: «Өнір экономикасының бәсекеге қабілеттілігін дамыту үшін цифрлық кәсіпкерлікті қалыптастыру және дамыту».

Кафедра ПОҚ ҒЗЖ-ның перспективалы бағыттары: АБЖ тиімділігін есептеу әдіснамасы, IT саласында бизнес-процестерді құру, бастауыш сыныптарда информатиканы оқытуда толықтырылған және виртуалды шындықты қолданудың теориялық-практикалық негіздері.

ПОҚ-тың Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, сондай-ақ Web of Science базасындағы Science Citation Index Expanded-те индекстелетін және Scopus базасында CiteScore бойынша процентилі кемінде 35 болатын басылымдарда жарияланған мақалалары бар.

2. Университетті дамытудың 2024-2029 жж. арналған стратегиялық бағыттарына қол жеткізуге байланысты сапа саласындағы нысаналы индикаторлар

Мақсат пен индикаторлардың атауы	Өлш.бір.	Есепті кезеңде 2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл	2029 жыл	барлығы	Жауапты орындаушылар	Аяқталу нысаны
1-мақсат. Өңірлік экономика мен жаһандық еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес келетін жаңа типтегі білімді тұлғаны қалыптастыру											
1. Оқуды аяқтағаннан кейінгі 1-ші жылы жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі (түлектердің жалпы санынан)	%	-	-	-	-	84	84	85	84	кафедра меңгерушісі ББББ жетекшісі, ЦК	Кафедра отырысының хаттамасы
2. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша ЖОО-ны бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі	%	-	-	-	-	85	86	86	85	кафедра меңгерушісі, ББББ жетекшісі, ЦК	
3. ББББ-ға түскен «Алтын белгі» белгісі бар, соңғы үш жылдағы халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының жеңімпаздары, ағымдағы оқу жылындағы президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының жеңімпаздары (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталғандар) саны	адам	-	-	-	-	1	1	1	3	кафедра меңгерушісі, ББББ жетекшісі, ОСПК	Оқуға қабылдау туралы бұйрық
4. ЖОО түлегінің орташа жалақы деңгейінің ҚР бойынша орташа айлық жалақыға арақатынасы	%	-	-	-	-	0,70	0,71	0,72		кафедра меңгерушісі, ББББ жетекшісі, ОАК	Есеп
2-мақсат. Жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған күш-жігерді шоғырландыру											
1. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар ББББ білім алушыларының саны	адам	-	-	-	-	1	1	1	3	кафедра меңгерушісі, ББББ жетекшісі, ЦОС	Есеп
2. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін жағдайлармен қамтамасыз етілу деңгейі (оқу бағдарламалары, лифтілер, пандустар, тұтқалар және т.б.)	%	-	-	-	-	100	100	100	100	кафедра меңгерушісі, ББББ жетекшісі, УРиЭИ	Есеп
3. Жатақханада тұратын білім алушылардың саны	адам	-	1	1	1	1	1	1	6	кафедра меңгерушісі, ББББ жетекшісі, ОМП	Есеп

4. Еріктілер қызметімен айналысатын білім алушылардың саны	**адам**	-	1	1	1	1	1	1	6	**кафедра меңгерушісі, ББББ жетекшісі, ОМП**	**Есеп**
5. ЖОО-ның, ауданның, қаланың қоғамдық өміріне белсенді қатысатын білім алушылардың саны	**адам**	-	1	1	1	1	1	1	6	**кафедра меңгерушісі, ББББ жетекшісі, ОМП**	**Есеп**
6. Студенттік ұйымдардың, студенттік клубтардың, жастар істері жөніндегі комитеттердің қызметіне тартылған білім алушылардың саны	**адам**	-	1	1	1	1	1	1	6	**кафедра меңгерушісі, ББББ жетекшісі, ОМП**	**Есеп**
3-мақсат. Өсу мен тұрақты дамуды қамтамасыз етудің стратегиялық басымдығы ретіндегі интернационалдандыру											
1. Жоғары білім беру жүйесінде ББББ бойынша оқитын шетелдік студенттердің саны	адам	-	1	1	1	1	1	1	6	кафедра меңгерушісі, ББББ жетекшісі, ЦОС	Бұйрық
2. QS рейтингінің Top-700 / QS by subject рейтингінің Top-100 қатарындағы серіктес ЖОО-лармен қос дипломдық білім беру аясында ББББ бойынша білім алушылардың саны	адам	-	-	-	-	-	-	1	1	кафедра меңгерушісі, ББББ жетекшісі, ОР, ЦМС	Бұйрық
3. ЖОО базасында орындалатын халықаралық ғылыми және білім беру жобаларының саны	адам	-	-	-	-	1	1	1	3	кафедра меңгерушісі, ББББ жетекшісі, ЦМС	Есеп
4. Біліктілігін арттырудан және шетелдік тағылымдамадан өткен ББББ бойынша ПОҚ саны	адам	-	17	17	17	17	17	17	17	кафедра меңгерушісі, ББББ жетекшісі, СУП	Есеп
5. ЖОО қаражаты есебінен қаржыландырылатын академиялық ұтқырлық аясында білім алушылардың саны	адам	-	-	1	1	1	1	1	5	кафедра меңгерушісі, ББББ жетекшісі, ЦМС	Бұйрық, білім алушылардың транскрипті

6. Жоғары h-индексі бар тартылған шетелдік ғалымдардың саны	адам	-	1	1	1	1	1	1	6	кафедра меңгерушісі, ББББ жетекшісі, СУП	Есеп
4-мақсат. Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып білім беру бағдарламаларын жаңарту											
1. Онлайн курстар әзірленген пәндердің үлесі	%	100	100	100	100	100	100	100	100	кафедра меңгерушісі, ББББ жетекшісі, ЦДО	Хаттама
2. Аралық және қорытынды аттестаттауды өткізуді қамтамасыз ету үшін прокторинг жүйесін пайдалану	%	100	100	100	100	100	100	100	100	кафедра меңгерушісі, ББББ жетекшісі, ЦДО	Есеп
3. Пайдаланылатын жүйелердің жалпы санындағы енгізілген кірме мәтінді анықтайтын ақпараттық жүйелердің үлесі (келісімнің болуы)	%	100	100	100	100	100	100	100	100	кафедра меңгерушісі, ББББ жетекшісі, ОЦиИТ	Есеп
4. ЖОО-ның онлайн білім беру порталының жұмыс істеуі	факт	+	+	+	+	+	+	+		кафедра меңгерушісі, ББББ жетекшісі, ОЦиИТ	Есеп, сілтеме
5. Цифрлық платформаны пайдалана отырып жүргізілген зерттеулердің саны	бірл.	-	-	1	1	1	1	1	5	кафедра меңгерушісі, ББББ жетекшісі, СНИ	Есеп
6. Оқу процесіне тартылған жұмыс берушілер, бизнес құрылымдар саны	адам	-	1	1	1	1	1	1	6	кафедра меңгерушісі, ББББ жетекшісі, СУП	Есеп
7. Оқу процесіне енгізілген электрондық ресурстар санының өсімі	%	-	0,3	0,4	0,5	0,6	0,7	0,8		кафедра меңгерушісі, ББББ жетекшісі, кітапхана	Есеп
8. Оқыту процесінде қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалану	%	100	100	100	100	100	100	100	100	кафедра меңгерушісі ББББ жетекшісі, ЦДО	

5-мақсат. ЖОО мүмкіндіктерін ескере отырып инфрақұрылымды дамыту, кірістерді әртараптандыру											
1. Білім беру процесінде пайдаланылатын виртуалды зертханалардың саны	бірл.	-	-	-	1	1	1	1	4	кафедра меңгерушісі, ББББ жетекшісі, СНИ	есеп
2. Енгізілген виртуалды зертханалардың саны	бірл.	-	-	-	1	1	1	1	4	кафедра меңгерушісі, ББББ жетекшісі, СНИ	есеп
3. ЖАО және бизнес өкілдерінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобалардың саны	бірл.	-	-	-	-	1	1	1	3	кафедра меңгерушісі, ББББ жетекшісі, СНИ	есеп
4. ЖАО, жұмыс берушілер қаражаты есебінен гранттардың саны	бірл.	-	-	-	-	-	1	1	2	кафедра меңгерушісі, ББББ жетекшісі, СНИ	есеп
6-мақсат. Корпоративтік басқаруды, менеджментті және кадрлық әлеуетті дамыту											
1. Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттары бар ПОҚ саны	адам	-	-	1	1	2	2	3		кафедра меңгерушісі, ББББ жетекшісі, СУП	Есеп
7-мақсат. Зерттеушілік экожүйені құру											
1. Білім беру және зерттеу жобаларына қатысатын ЖОО ПОҚ саны	адам	-	-	1	1	1	1	1	5	кафедра меңгерушісі, ББББ жетекшісі, ЦМС	Есеп
2. ЖОО базасында іске асырылатын жобалардың жалпы санынан ЖОО қызметкерлері, білім алушылары іске асырған стартап жобалардың саны	бірл.	-	-	-	1	1	1	1	4	кафедра меңгерушісі, ББББ жетекшісі, ОМК	Есеп
3. Ғылыми-зерттеу қызметіне ЖОО грантын алған жас ғалымдардың саны	бірл.	-	-	-	1	1	1	1	4	кафедра меңгерушісі, ББББ жетекшісі, СНИ	Есеп

5. Рейтингтік басылымдардағы жарияланымдардың саны	бірл.	-	-	1	1	1	1	1	5	кафедра меңгерушісі, ББББ жетекшісі, кітапхана	Есеп
6. Тартылған жас зерттеушілердің саны	бірл.	-	-	1	1	1	1	1	5	кафедра меңгерушісі, ББББ жетекшісі, СНИ	Есеп
7. Университет базасында қаржыландырылатын білім беру және зерттеу жобаларының саны	бірл.	-	-	-	1	1	1	1	4	кафедра меңгерушісі, ББББ жетекшісі, СНИ	Есеп

3 БББ үшін тәуекелдердің әсерін төмендету жөніндегі іс-шаралар

Ықтимал тәуекел	Тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар	Жауаптылар және іске асыру мерзімдері
1	2	3
Сыртқы тәуекелдер		
1. Оқу материалдары мен ресурстарының жеткіліксіздігі	АТ және ЖИ саласындағы соңғы үрдістерге негізделген оқу материалдарын тұрақты жаңарту жүйесін енгізу.	БББ жетекшісі, АКРОП, ПОҚ 2024 жылғы қабылдау
	Кәсіби ресурстарға қол жеткізу үшін IT-компаниялармен серіктестік келісімдер жасасу.	БББ жетекшісі, АКРОП, ПОҚ 2024-2029 жылдар
	Нақты жабдық пен БҚ пайдалану мүмкіндігі бар студенттік зертханаларды ұйымдастыру.	БББ жетекшісі, АКРОП, ПОҚ 2024-2029 жылдар
2. Практикалық сабақтардың және индустриямен өзара іс-қимылдың жеткіліксіздігі	Студенттер үшін практика және тағылымдама базасын құру мақсатында технологиялық компаниялармен ынтымақтастық орнату.	БББ жетекшісі, АКРОП, ПОҚ 2024-2029 жылдар
	Компаниялардың нақты міндеттері негізінде міндетті жобалық жұмыстарды енгізу	БББ жетекшісі, АКРОП, ПОҚ 2024-2029 жылдар
3. Еңбек нарығындағы өзгерістер және мамандарға қойылатын талаптар	Курстар мен пәндерді жедел жаңарту мүмкіндігімен оқу жоспарының икемділігін дамыту.	БББ жетекшісі, АКРОП, ПОҚ 2024-2029 жылдар
4. Білім беру бағдарламасының өңірдің цифрландыру саласындағы кәсіпорындарымен және ұйымдарымен, сондай-ақ Astana Hub-пен өзара іс-қимыл деңгейінің жеткіліксіздігі	IT-саланы дамытудың өзекті үрдістері, заманауи цифрлық технологиялар, еңбек нарығының талаптары және білім беру бағдарламасының мазмұнын жетілдіру мәселелері бойынша бірлескен дөңгелек үстелдер, ғылыми-практикалық семинарлар және қонақ дәрістерін өткізу.	БББ жетекшісі, АКРОП, ПОҚ 2024-2029 жылдар
	Қостанай облысының IT кәсіпорындары базасында көшпелі сабақтар мен практикалық кездесулер ұйымдастыру.	БББ жетекшісі, АКРОП, ПОҚ 2024-2029 жылдар
	ПОҚ біліктілігін арттыру саласында Tech Orda бағдарламасының қатысушыларымен ынтымақтастықты дамыту.	БББ жетекшісі, кафедра меңгерушісі, 2024-2029 жылдар
	IT кәсіпорындарының мамандарын оқу сабақтарын өткізуге және БББ мазмұнын талқылауға тарту.	БББ жетекшісі, кафедра меңгерушісі, 2024-2029 жылдар
	Қостанай облысының мемлекеттік қызметшілерінің біліктілігін арттыруға қатысу.	ПОҚ 2024-2029 жылдар
Ішкі тәуекелдер		
1. ПОҚ-тың шет тілдерін меңгеру деңгейінің жеткіліксіздігі	Университет оқытушылары үшін шет тілдерін тереңдетіп оқыту бойынша курстар өткізу	кафедра меңгерушісі, ПОҚ 2024 – 1 адам, 2025 – 1 адам, 2026 – 1 адам, 2027 – 1 адам, 2028 – 1 адам, 2029 – 1 адам
2. Ғылыми-зерттеу жұмысы (ҒЗЖ) саласындағы белсенділіктің жеткіліксіздігі	Оқытушылар мен студенттер үшін ынталандыру шараларын, соның ішінде ғылыми жарияланымдар мен жобалар үшін қаржылық көтермелеулер мен гранттарды әзірлеу.	кафедра меңгерушісі, ПОҚ 2025-2029 жылдар
	Бірлескен ғылыми жобалар үшін сыртқы сарапшылар мен	

	зерттеушілерді тарту.	
3. Білікті оқытушылардың жеткіліксіздігі	Негізгі кадрларды ұстап қалу үшін көтермелеу жүйесін құру.	кафедра меңгерушісі, ПОҚ 2025-2029 жылдар
	Саланың жетекші сарапшыларын шақырылған оқытушылар ретінде тарту үшін олармен шарттар жасасу.	
4. Экономикалық тұрақсыздық	Студенттерді қолдау үшін оқу ақысын икемді төлеу бағдарламаларын немесе стипендиялық бағдарламаларды енгізу.	кафедра меңгерушісі, ПОҚ 2025-2029 жылдар

4. ББББ-ның SWOT-талдауы

Күшті жақтары	**Әлсіз жақтары**
ББББ бойынша білім алушыларды еңбек нарығында сұранысқа ие етіп даярлау ПОҚ біліктілігін арттыру Мансаптық жолдардың икемділігі мен әртүрлілігі: білім алушылар мүлдем әртүрлі салаларда жұмыс істей алады Тағылымдамаға қол жеткізуді ұсынатын IT саласындағы компаниялармен жолға қойылған ынтымақтастық Бағдарламаның инновациялық сипаты. Бағдарлама сұранысқа ие технологияларға бағытталған, бұл оны талапкерлер үшін өзекті әрі тартымды етеді Білімді практикалық қолдануға басымдық беру Микробіліктілік	ББББ-ның мамандандырылған аккредиттеуінің болмауы Меншікті бірегей контенттің жеткіліксіздігі, кейбір пәндерде жалпыға қолжетімді материалдар пайдаланылуы мүмкін Техникалық қамтамасыз етілу деңгейінің жеткіліксіздігі Мемлекеттік тілдегі оқу-әдістемелік басылымдардың жеткіліксіздігі Кейбір оқытушыларға жаңа әдістемелер мен оқыту технологияларына бейімделу үшін қосымша уақыт қажет болуы мүмкін Академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысу үшін білім алушылардың ағылшын тілін білу деңгейінің жеткіліксіздігі Бағдарламаны толыққанды іске асыру үшін бағдарламалық қамтамасыз ету мен техникалық жабдықты үнемі жаңарту талап етіледі, бұл қымбатқа түсуі мүмкін
Мүмкіндіктер	**Қатерлер**
Негізгі жұмыс берушілердің мүдделерін ескере отырып білім беру бағдарламасын кәсіптік стандарттарға бейімдеу Жасанды интеллект және ақпараттық технологиялар секторы белсенді дамып келеді және жоғары білікті мамандарға сұраныс тек артатын болады, бұл бағдарламаны сұранысқа ие етеді Халықаралық ынтымақтастық мүмкіндіктері Гранттар және мемлекеттік қолдау бағдарламалары Онлайн-курстар есебінен бағдарламаның мүмкіндіктерін кеңейту Оқыту сапасының тиімділігін арттыру Университеттің ішкі жүйесінің сапасын жақсарту	Білім беру бағдарламаларының әлемдік және республикалық нарығындағы бәсекелестіктің өсуі Технологиялардың тез ескіруі Экономикалық тұрақсыздық Студенттер түлегі болғанға дейін ББББ «Атамекен» рейтингтеріне қатыса алмайды Талапкерлер санының азаюы Экономикалық тұрақсыздық Жоғары білікті оқытушыларды неғұрлым тиімді ұсыныстары бар басқа университеттер немесе компаниялар тартып алуы мүмкін деген тәуекел бар, бұл бағдарламаның кадрлық әлеуетін әлсіретеді.

Мынадай өзгерістер енгізілді:

1. Өзгерістер кафедраның кеңейтілген отырысында қаралды (20.03.2025 ж. № 8 хаттама).
2. 1.1 «Білім беру бағдарламасы туралы мәліметтер» бөлімі БББ-ны дамыту жоспарының даралығы мен бірегейлігі бөлігінде толықтырылды.
3. 3 «БББ үшін тәуекелдердің әсерін төмендету жөніндегі іс-шаралар» бөлімі профессор-оқытушылар құрамының өңірдің цифрландыру саласындағы кәсіпорындарымен және ұйымдарымен өзара іс-қимылын кеңейту жөніндегі, бірлескен ғылыми-практикалық іс-шаралар, қолданбалы зерттеулер, көшпелі сабақтар өткізуді көздейтін іс-шаралармен толықтырылды.